

Келісілді: Ақасты

«БЕКІТЕМІН»

«Жетісу облысы білім басқармасының
Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«№2 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның
менгерушісі Е.А.Жаксыбекова Е.А.

« 19 » 08 2024-2025 оқу жылы

**Музыка жетекшісінің 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің
ПЕРСПЕКТИВТІ ЖОСПАРЫ**

Топ: «Балдәурен» сауықтыру тобы (ортаңғы, ересек топтар)

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі қыркүйек айы: 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (3-4 жас)	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (4-5 жас)
Қыркүйек	<ol style="list-style-type: none">1.Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын соңына дейін түсінуге үйрету.2.Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуда сөздерді анық айтуға қалыптастыру.3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық аспап сыбызғымен және сыбызғы аспабының дыбысталуымен таныстыру.	<ol style="list-style-type: none">1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).2.Ән айту: Ән айтуда мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып (ре-си бірінші октава шегінде), әуенімен келтіріп айту.3. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Би қимылдарын , ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру.4. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған түрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

<p style="text-align: center;">Казан</p>	<p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>2.Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуда ре(ми)-ля(си) диапазонында ән айтуға үйрету, дауысын жатықтыру.</p> <p>3. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p> <p>4. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық металлофон, барабан аспаптырмен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.</p>	<p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс музыкалық шығармаларды білу</p> <p>2.Ән айту: Ән айтуда қимылдармен үйлестіріп орындауға үйрету.</p> <p>3. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, ырғақты сезіну.</p> <p>4. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.</p>
<p style="text-align: center;">Қараша</p>	<p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбыстарын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>2.Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуда барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға, әнді барлығы бірге бастап бірге аяқтауға үйрету.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.</p>	<p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдау кезінде тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге дағдыландыру.</p> <p>2.Ән айту: Ән айтуда қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру, музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым таныс әуендерді ойнау.</p>

Желтоқсан	<p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>2.Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуда әннің сипатын жеткізе білуге (көңілді, созып, ойнақы айтуға) үйрету.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p>	<p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда музыкалық шығараманың мәнерлі құралдарын байқауға (ақырын, қатты, баяу, жылдам) үйрету.</p> <p>2.Ән айту: Ән айтуда әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.</p> <p>4. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.</p>
Қаңтар	<p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету.</p> <p>2.Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру.</p>	<p>1.Музыка тыңдау: Музыканы тыңдай отырып жоғарғы дыбыстарды (секста, септима шгінде) ажырата білу.</p> <p>2.Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен).</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Би билеуде музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.</p>

Музыка жетекшісі: Ә.Ә.Рахметова